

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 10 қазандағы № 504 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 26 қазанда № 3985 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 19 қаңтардағы № 11 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 19.01.2024 № 11 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 7, 8) тармақшаларына сәйкес, Жамбыл ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданы бойынша жұмыс орындары санының бес пайыз мөлшерінде пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгіленсін.

2. Жамбыл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 03 маусымдағы "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылдың 12 маусымында № 2377 тіркелген, "Атамекен" газетінде 2013 жылдың 22 маусымында № 26 жарияланған) № 400 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Алматы облысы "Жамбыл ауданының жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесінің директоры Долдабаев Бакытжан Кабыловичқа осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарына (элеуметтік саласының мәселелеріне жетекшілік ететін) жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Далабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ